

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 368 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы"

Осы Заң Қазақстан Республикасы астанасының жұмыс істеуінің саяси, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының астанасы

1. Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып табылады.

2. Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы ретінде:

1) мемлекеттің саяси және әкімшілік орталығы;

2) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, Конституциялық кеңесі, Жоғарғы соты, Бас прокуратурасы және өзге орталық мемлекеттік органдары орналасқан жер.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекелеген орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының астанасынан тыс жерде орналасуы мүмкін;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мәтінінің түпнұсқасы "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында сақталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы мен Мемлекеттік елтаңбасының эталондары орналасқан жер;

2-бап. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнама

1. Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен құралады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта, осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы астанасының рәміздері

Қазақстан Республикасы астанасының өз рәміздері бар: елтаңба, ту және гимн. Рәміздердің сипаттамасын және оларды пайдалану тәртібін астананың мәслихаты айқындайды.

4-бап. Қаланың құрметті атақтары және ынталандырулары

1. Астана қаласының экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымы мен мәдениетін дамытудағы ерен еңбегі үшін астана әкімінің ұсынуы бойынша мәслихат "Қазақстан Республикасы астанасының құрметті азаматы" атағын беруі мүмкін.

2. Астананың әкімдігі мен мәслихаты өзге ынталандыру турлерін белгілеуге және қолдануға құқылы.

2-тарау. Астанадағы жергілікті мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері

5-бап. Қаланың Қазақстан Республикасы астанасының функцияларын жүзеге асыруын қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті мемлекеттік басқару органдарының міндеттері

Астананың жергілікті мемлекеттік басқару органдарының міндеттері мыналар:

1) елорданың мемлекеттің әкімшілік-саяси, рухани, мәдени, тарихи, экономикалық, ғылыми және білім орталығының ролін орындауы үшін жағдай жасау;

2) Қазақстан Республикасы астанасының әлемдегі басқа астаналар мен аса ірі қалалар арасындағы бәсекелік мүмкіндіктерін арттыру тұрақты, серпінді және үйлесімді дамыған жоғарғы технологиялар қаласын құру;

3) астананы геосаяси жағдайдың артықшылықтарын пайдалана отырып, астананы халықаралық қатынастар орталығы ретінде қалыптастыру;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Соттың, өзге де орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қызметін жүзеге асыру үшін тиісті жағдай жасау;

5) жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін қажетті жағдайлар жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды Қазақстан Республикасы астанасының жүзеге асыруы болып табылады.

6-бап. Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті өкілетті органының өкілеттері

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктермен қатар, астананың мәслихаты өз құзыреті шегінде:

1) заңнамаға сәйкес басқа мемлекеттер өңірлерінің өкілетті органдарымен халықаралық байланыстарды жүзеге асырады;

2) халыққа қосымша әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру мөлшері мен тәртібін б е к і т е д і ;

3) қаланың құрылыс салу ережесін бекіткен кезде астананың аумағындағы жер учаскелерін игерудің қосымша шарттарын айқындайды;

4) астананың жағымды беделін қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен астана аумағында заңды және жеке тұлғалардың сауда, ойын-сауық, қонақ үй, медициналық және өзге де сервистік қызметтер ұсынуының шарттарын айқындайды

5) астанада сыртқы безендіру және жарнама құралдарын орналастыру ережесін б е к і т е д і ;

6) қажет болған жағдайда астананың жұмыс істеуінің аса маңызды мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау мақсатында консультанттар мен сарапшыларды тартады.

7-бап. Қазақстан Республикасы астанасының жергілікті атқарушы органының өкілеттігі

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттік-термен қатар, астананың әкімдігі өз құзыреті шегінде:

1) коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілмеген коммуналдық мүліктің тізбесін бекітеді, республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы астанасының аумағында тіркелген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін иеленуді, пайдалануды және оларға билік етуді жүзеге асырады;

2) Астана қаласының коммуналдық меншігін иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді жүзеге асырады;

3) астананың даму бағдарламаларын іске асыруды және мониторингін қамтамасыз е т е д і ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен астанада жалпымемлекеттік және халықаралық іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдай ж а с а й д ы ;

5) Қазақстан Республикасы астанасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру жөнінде шаралар ә з і р л е й д і ;

6) елордада қолданылып жатқан сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардың ж о б а л а р ы н к е л і с е д і ;

7) халыққа қосымша әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру мөлшері мен тәртібін әзірлейді және астана мәслихатының бекітуін енгізеді;

8) астана аумағында астана тұрғындарының мүддесін қозғайтын экологиялық, көші-қон, әлеуметтік және өзге де салдарлары мүмкін болуы іс-шараларды өткізуді к е л і с е д і .

9) астананың бірыңғай сәулеттік келбетін сақтауды қамтамасыз етеді;

10) заңнамада және осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік мұқтаждар үшін жерлерді және мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін алып қою (сатып алу) туралы шешімдер қабылдайды;

11) салық органының сұрауы бойынша бір ай мерзімде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағына әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде пайдаланылу фактісін растайтын құжаттарды береді;

12) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағының құрылысы процесіне қатысушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің есебін жүргізеді;

13) заңды тұлғалармен "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағындағы қызметті жүзеге асыру жөнінде шарттар жасасады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзгеде өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Астананың әкімі

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктермен қатар, астананың әкімі өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының Президентімен, Парламентпен, Үкіметпен, өзге орталық мемлекеттік органдармен, шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда Қазақстан Республикасының астанасын білдіреді;

2) Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының, астананың мүддесін қозғайтын мемлекеттік салалық бағдарламалардың ж о б а л а р ы н к е л і с е д і ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына астананың жұмыс істеуі мен дамуы мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және басқа да ұ с ы н ы с т а р д ы е н г і з е д і ;

4) астанада жалпымемлекеттік және халықаралық сипаттағы іс-шараларды өткізу туралы мәселелерді шешуге қатысады;

5) тиісті мемлекеттік органдарға астана аумағында орналасқан республикалық меншіктегі, қаланың Қазақстан Республикасы астанасының функцияларын орындауын қамтамасыз ету үшін мәні бар объектілерді қаланың коммуналдық меншігіне беру туралы ұсыныстар енгізеді.

3-тарау. Астанада жер қатынастарын құқықтық реттеудің ерекшеліктері

9-бап. Мемлекеттік мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қою ерекшеліктері

1. Меншік иелерінен немесе жерді пайдалану құқығын сатып алған мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан мемлекеттік мұқтаждар үшін жер учаскелерін алып қою жер учаскелерін алдағы сатып алғанға дейін үш ай бұрын, оларды міндетті түрде хабардар ете отырып, сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады.

Меншік иелері немесе жер пайдаланушылар мұндай хабарламаны алған күннен бастап үш ай мерзім өткенге дейін жер учаскелерін тек меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен сатып алуға рұқсат етіледі.

2. Егер меншік иесі немесе жер пайдаланушы одан жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждар үшін сатып алу туралы шешімімен келіспесе, не онымен сатып алынатын

жер учаскесінің бағасы немесе сатып алудың басқа шарттары туралы келісімге қол жеткізілмесе, үш ай өткеннен кейін, астананың уәкілетті органы сотқа жер учаскесін сатып алу туралы талап қоюға құқылы.

3. Сатып алынатын жер учаскесінің бағасын айқындаған кезде оған жер учаскесінің немесе оған және онда жылжымайтын мүлікке құқықтардың нарықтық құны, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты олар шегетін шығындарды қоса алғанда, меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға жер учаскесін жоғалтуға байланысты келтірілген барлық шығындар қ о с ы л а д ы .

4. Егер жер пайдалану құқығы мемлекеттен сатылып алынбаған болса, уақытша жер пайдалануға берілген жер учаскесін мемлекеттік мұқтаждар үшін алып қою, сатып алусыз жүзеге асырылады. Жер пайдаланушыларға шығындар толық көлемде өтеледі, сондай-ақ олардың өтініші бойынша тең дәрежедегі басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

10-бап. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін алып қоюдың (сатып алудың) ерекшеліктері

1. Үш ай бойы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскесі меншік иесінен немесе жерді пайдаланушыдан алып қойылуы мүмкін.

2. Меншік иесі немесе жер пайдаланушыға талап қойылғанға дейін кемінде үш ай бұрын жасалған жазбаша ескертуден кейін және жер учаскесінің меншік иесі не жер пайдаланушы осы уақыт ішінде жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде қажетті шараларды қабылдамаған жағдайда уәкілетті орган жер учаскесін алып қою туралы талап қоюы мүмкін.

11-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 7-бабының 11), 12) және 13) тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың әрекет ету кезеңінде қ о л д а н ы л а д ы .

3. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 мамырдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 1998 ж. N 7-8, 79-құжат N 15-16, 228, 229-б; 2002 ж. N 6, 75-б; 2003 ж. N 24, 178-б; 2004 ж. N 23, 142-б) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті